Периндоприл ангиотензин өзгертуші фермент (АӨФ) тежегіштері деп аталатын препараттар класына жатады. Оның әсері қан тамырларының кеңеюіне, шеткері артериялар кедергісінің төмендеуіне, миокард (жүрек бұлшықеті) жұмысының жақсаруына және жүрекке түсетін жүктеменің төмендеуіне әкеледі.

Индапамид пен периндоприл аргининін бір мезгілде қабылдау олардың әрқайсысының артериялық қысымға әсерін күшейтеді.

Қолданылуы

Нолипрел® Би-форте препараты ересектерде эссенциялық гипертензияны емдеу үшін қолдануға көрсетілген. Нолипрел® Би-форте препараты жоғары артериялық қысымды төмендету үшін 2,5 мг дозада индапамид пен 10 мг дозада периндоприлмен бірлескен ем қажет болатын пациенттерге тағайындалады.

Егер Сізде жақсару басталмаса немесе өзіңізді нашарлау сезінсеңіз, дәрігерге қаралу қажет.

2. Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдар алдында не туралы білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдамаңыз:

- егер Сізде индапамид немесе кез келген басқа сульфонамидке, периндоприл немесе кез келген басқа АӨФ тежегішіне немесе аталған препараттың кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парақтың 6 бөлімінде атап көрсетілген) аллергия болса,
- егер Сізде бұрын басқа АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде ысылдап демалу, бет немесе тілдің ісінуі, қарқынды қышыну немесе терінің ауыр бөртпесі сияқты симптомдар дамыса немесе осындай симптомдар Сіздің туысқандарыңыздың біреуінде қандай да бір жағдаяттарда (ангионевроздық ісіну деп аталатын жай-күй) білінсе,
- егер Сіз артериялық қысымды төмендетуге арналған құрамында алискирен бар препаратты қабылдап жүрсеңіз, әрі осы орайда Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде диабетпен байланысты бүйрек функциясының бұзылуы бар болса, әрі Сіз ангиотензин II рецепторларының блокаторлары препараттарын қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сізде бауырдың ауыр ауруы немесе бауыр энцефалопатиясы (бауыр жеткіліксіздігі нәтижесінде ми функциясының ықтималды қайтымды бұзылуы) болса,
- егер Сізде бүйрек артериясының стенозын (бүйрекке қан ағып келуінің төмендеуі) қамтуы мүмкін бүйрек ауруы болса,
- егер Сізге диализ немесе қан сүзудің кез келген басқа типі жүргізілсе. Пайдаланылған құрылғыға қарай, Нолипрел® Би-форте Сізге сай келмейтін препарат болып шығуы мүмкін,
- егер Сізде қандағы калий деңгейі төмен болса,
- егер Сізде емделмеген декомпенсацияланған жүрек жеткіліксіздігіне күмән болса (организмдегі айқын су іркілісі, тыныс тарылуы),
- егер Сіз жүрек ырғағының өзгерісін туғызуға қабілетті препараттар қабылдап жүрсеңіз («Басқа препараттар және Нолипрел® Би-форте препараты» қосалқы бөлімін қараңыз),
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала көтеруді жоспарлап жүрсеңіз («Жүктілік және бала емізу» қосалқы бөлімін қараңыз),
- егер Сіз бала емізіп жүрсеңіз («Жүктілік және бала емізу» қосалқы бөлімін қараңыз),
- егер Сіз қазіргі сәтте ангионевроздық ісінудің (жұтына алмай қалу мен тыныстың тарылуымен қатар жүруі мүмкін тез дамидын бет, ерін, ауыз, тіл және тамақтың ісінуі) жоғары даму қаупі салдарынан жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын препарат біріктірілімін – валсартан + сакубитрил қабылдаған болсаңыз немесе қабылдап жүрсеңіз («Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» және «Басқа препараттар және Нолипрел® Би-форте препараты» қосалқы бөлімдерін қараңыз).

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдау алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз:

- егер Сізде қолқа стенозы (жүректен шығатын басты қан тамырының тарылуы), гипертрофиялық кардиомиопатия (жүрек бұлшықетінің ауруы) немесе бүйрек артериясының стенозы (бүйректі қанмен қамтитын артерияның тарылуы) болса,
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі немесе жүректің басқа ауруы болса,
- егер Сізде бүйрек ауруы болса немесе Сізге диализ жүргізілсе,

- егер Сізде бұлшықет ауыруын, бұлшықеттердің ауырсынуын, әлсіреуін немесе түйілуін қоса, бұлшықет бұзылыстары бар болса,
- егер Сізде қандағы альдостерон гормонының аномалиялық жоғары деңгейі (бастапқы гиперальдостеронизм) болса,
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде жүйелі қызыл жегі немесе склеродермия сияқты дәнекер тіннің жүйелі ауруы (дәнекер тіннің зақымдануымен сипатталатын аурулар тобы) болса,
- егер Сізде атеросклероз (артерия жақтауларында олардың саңылауын тарылтатын атеросклероз түйіндақтарының түзілуі) болса,
- егер Сізде гиперпаратиреоз (қалқанша маңы бездері функциясының жоғарылауы) болса,
- егер Сізде подагра болса (гиперурикемия бар пациенттер),
- егер Сізде гиперкалиемиа (плазмадағы жоғары калий мөлшері) болса,
- егер Сізде гипонатриемиа (плазмадағы төмен натрий мөлшері) болса,
- егер Сізде қант диабеті болса,
- егер Сіз тұз мөлшері төмен диета ұстанатын болсаңыз немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштарын қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сіз литий немесе калий жинақтаушы препараттарды (спиронолактон, триамтерен) немесе калий қоспаларын қабылдап жүрсеңіз, өйткені оларды Нолипрел® Би-форте препаратымен бір мезгілде қабылдауға болмайды («Басқа препараттар және Нолипрел® Би-форте препараты» қосалқы бөлімін қараңыз),
- егер Сіз аллопуринол, цитостатиктер (онкологиялық ауруларды емдеуге арналған препараттар) или иммунодепрессанттар қабылдап жүрсеңіз немесе прокаинамидпен (жүрек ырғағының бұзылуларын емдеуге арналған препарат) ем алып жүрсеңіз,
- егер Сіз алтын препараттарымен, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП), баклофен, кортикостероидтар, неприлизин тежегіштерін, электрокардиограммада (ЭКГ) QT аралығының ұзаруын туғызуы мүмкін препараттарды; жүрек гликозидтерін, өмірге қатерлі жүрек ырғағының бұзылуларын («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия) туғызуы мүмкін препараттармен ем алып жүрсеңіз,
- егер Сізде сүйек кеміктік қан түзілуінің бәсеңдеуі диагностикаланса,
- егер Сіз егде жастағы адам болсаңыз,
- егер Сізде цереброваскулярлы ауру (ми тамырлары тарапынан бұзылу) болса,
- егер Сізде реноваскулярлы гипертензия болса,
- егер Сізде артериялық қысым (АҚ) цифрлары құбылып тұрса (АҚ тұрақсыз көтерілуі),
- егер Сізде фотосезімталдық реакциялары байқалса,
- егер Сіздің анамнезіңізде пенициллинге аллергиялық реакция болса,
- егер Сіз көру қабілетінің төмендеуін немесе көзіңіздің ауыруын сезінсеңіз. Бұл көздің тамырлы қабатында сұйықтық жиналу (хориоидты жалқық) немесе көзішілік қысымның көтерілу симптомдары болуы мүмкін, ол Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдаудан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде білінуі мүмкін. Емдеу жүргізілмесе, бұл қайтымсыз көрмей қалуға алып келуі мүмкін. Егер бұрын Сізде пенициллин немесе сульфонамидтерге аллергиялық реакция болса, Сіз хориоидты жалқықтың өте жоғары даму қаупіне ұшырауыңыз мүмкін,
- егер Сізде жұтына алмай қалумен және тыныс тарылуымен (ангионевроздық ісіну) қатар жүруі мүмкін бет, ерін, ауыз, тіл және тамақ ісінуімен күрделі аллергиялық реакциялар байқалса. Емдеу кезінде кез келген уақытта осылай болуы мүмкін. Егер Сізде осындай симптомдар дамыса, Сіз **емдеуді тоқтатуға және дереу дәрігерге қаралуға тиіссіз.**
- егер Сіз төменде тізбеленген жоғары артериялық қысымды емдеуге пайдаланылатын препараттардың қандай да бірін пайдаланып жүрсеңіз:

- ангиотензин II рецепторларының блокаторлары (сартандар ретінде белгілі - мысалы, валсартан, ирбесартан, телмисартан), әсіресе, егер Сізде қан диабетімен байланысты бүйрек кінәраттары бар болса,
- алискирен.

Сіздің дәрігеріңіз бүйрек функциясын, артериялық қысымды және электролиттер (мысалы, калий) мөлшерін жүйелі бақылап отыруы мүмкін.

«Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімінде берілген ақпаратты да қараңыз.

- егер Сіз қара нәсілге жататын болсаңыз, өйткені Сіз ангионевроздық ісінудің өте жоғары даму қаупіне ұшырауыңыз мүмкін, сондай-ақ бұл препараттың, нәсілдік тегі басқа пациенттермен салыстырғанда, артериялық қысымды төмендету тиімділігі аз болуы мүмкін,
- егер Сіз жоғары өткізгішті жарғақшалармен диализден өтіп жүрсеңіз,
- егер Сіз төменде тізбеленген препараттардың қандай да бірін қабылдап жүрсеңіз, ангионевроздық ісінудің даму қаупі артуы мүмкін:
 - рацекадотрил (диареяны емдеуге пайдаланылады),
 - сиролimus, эверолимус, темсиролimus және mTог тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар (ауыстырып салған ағзалардың қабылданбай ажырауын болдырмау және онкологиялық ауруларды емдеу үшін пайдаланылады),
 - жүректің созылмалы жеткіліксіздігінде қолданылатын сакубитрил (валсартанмен бекітілген біріктірілімде шығарылады), - линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин және глиптиндер деп аталатын класқа жататын басқа препараттар (қант диабетін емдеуге қолданылады).

Ангионевроздық ісіну

Ангионевроздық ісіну жағдайлары (бет, ерін, ауыз, тіл және тамақ ісінуімен, жұтына алмай қалумен және тыныс тарылуымен болатын күрделі аллергиялық реакция) АӨФ тежегіштерін, оның ішінде Нолипрел® Би-форте қабылдаған пациенттерде білінді. Бұл реакциялар ем уақытында кез келген сәтте басталуы мүмкін. Егер Сізде осы симптомдар пайда болса, Сіз **Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдауды дереу тоқтатуға** және дәрігерге қаралуға тиіссіз. 4 бөлімді де қараңыз.

Егер Сіз жүктімін деп ойласаңыз (немесе бала көтеруді жоспарласаңыз), Сіз өз дәрігеріңізге айтуға тиіссіз. Нолипрел® Би-форте жүктілік кезінде қабылданбауы тиіс, өйткені бұл балаға салмақты зиян кетіруі мүмкін («Жүктілік және бала емізу» қосалқы бөлімін қараңыз).

Сіз Нолипрел® Би-форте қабылдап жүрген уақытта, Сіз Өз емдеуші дәрігеріңізді немесе медициналық персоналды келесі оқиғалар туралы хабарландыруға тиіссіз:

- егер Сізге анестезия және/немесе күрделі хирургиялық операция жасалатын болса,
- егер Сізде таяуда диарея, құсу немесе организм сусыздануы байқалса,
- егер Сізге диализ немесе тығыздығы төмен липопротеиндер аферезін жасау (қаннан холестеринді аппаратпен шығару) қажет болса,
- егер Сіз аралар немесе соналардың шағып алуына аллергиялық реакцияларды азайтуы тиіс десенсибилизациядан өтіп жүрсеңіз, егер Сіз құрамында йод бар рентген-контрастылы зат енгізілуін талап ететін медициналық тексеруден өтіп жүрсеңіз (рентген сәулелері көмегімен ішкі ағзаларды, мысалы, бүйрек немесе асқазанды тексеруден өткізуге мүмкіндік жасайтын заттар),
- егер Сізде Нолипрел® Би-форте препаратын қолдану кезінде көрудің өзгеруі немесе бір немесе екі көздің де ауыруы байқалса. Бұл глаукоманың, көздің (көздердің) жоғары

қысымының даму белгісі болуы мүмкін. Сіз Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдауды тоқтатуға және дәрігерге қаралуға тиіссіз.

Спортшылар Нолипрел® Би-форте препаратының құрамында допинг-бақылау өткізгенде оң реакция беруі мүмкін әсер етуші зат (индапамид) бар екенін білуі тиіс.

Балалар және жасөспірімдер

Нолипрел® Би-форте препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректердің болмауына байқанысты, препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге бермеңіз.

Басқа препараттар және Нолипрел® Би-форте препараты

Сіздің қандай да бір басқа дәрілік препараттарды қабылдап жүргеніңіз, таяуда қабылдағаныңыз немесе қабылдай бастауыңыз мүмкін екені туралы емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне мәлімдеңіз. Нолипрел® Би-форте препаратын келесі препараттармен бір мезгілде қабылдаудан сақтаныңыз:

- литий препараттары (мания немесе депрессияны емдеуге пайдаланылады),
- алискирен (жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препарат), егер Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болмаса,
- калий жинақтаушы диуретиктер (мысалы, триамтерен, спиронолактон, амилорид), калий тұздары, сондай-ақ организмдегі калий мөлшерін арттыруы мүмкін басқа препараттар (мысалы, тромб түзілуін болдырмау үшін пайдаланылатын препарат - гепарин және бактериялық инфекцияларды емдеуге арналған сульфаметоксазол + триметоприм ретінде де белгілі ко-тримоксазол),
- эстрамустин (онкологиялық жаңа түзілімдерді емдеу кезінде қолданылады),
- жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған басқа препараттар: ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштері және ангиотензин II рецепторларының блокаторлары.

Нолипрел® Би-форте препаратымен емдеуге басқа препараттарды қабылдау ықпалын тигізуі мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз дозаны өзгертіп және/немесе басқа алдын ала сақтандыру шараларын қабылдай алады. Егер Сіз келесі препараттарды қабылдап жүрсеңіз, оларды қабылдау кезінде ерекше сақ болу керек екендіктен, өз емдеуші дәрігеріңізге міндетті түрде мәлім етіңіз:

- жоғары артериялық қысымды емдеу кезінде пайдаланылатын препараттар, ангиотензин II рецепторларының блокаторларын немесе алискиренді («Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» қосалқы бөлімдерінде берілген ақпаратты да қараңыз) немесе диуретиктерді (бүйрекпен бөлінетін несеп көлемін арттыратын препараттар) қоса,
- жүрек жеткіліксіздігін емдеу кезінде қолданылатын калий жинақтаушы препараттар: 12,5-тен 50 мг/күнге дейінгі дозалардағы эплеренон және спиронолактон,
- диареяны емдеу (рацекадотрил) немесе трансплантацияланған ағзалардың қабылданбай ажырауын болдырмау (сиролимус, эверолимус, темсиролимус және mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар) үшін өте көп жиі пайдаланылатын препараттар. «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» қосалқы бөлімін қараңыз. валсартан + сакубитрил біріктірілімі (жүректің созылмалы жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын). «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» қосалқы бөлімдерін қараңыз,
- пропофол, севофлуран (анестезия жасауға арналған препараттар),
- құрамында йод бар рентген-контрастылы заттар,

- левофлоксацин, моксифлоксацин, спарфлоксацин, ципрофлоксацин, эритромицин вена ішіне енгізу үшін, азитромицин, кларитромицин, рокситромицин, спирамицин, ко-тримоксазол (инфекцияларды емдеу үшін пайдаланылатын антибиотиктер),
- аллопуринол (подаграны емдеу үшін),
- пішен қызбасы сияқты аллергиялық реакцияларды емдеуге арналған антигистаминдік препараттар (мысалы, мизоластин, терфенадин немесе астемизол),
- ауыр бронх демікпесін және ревматоидты артритті қоса, әртүрлі ауруларды емдеуге пайдаланылатын кортикостероидтар,
- аутоиммундық ауруларды емдеу үшін немесе қабылданбай ажырауды болдырмау үшін трансплантациялық операциялардан кейін пайдаланылатын иммунодепрессанттар (мысалы, циклоспорин, такролимус),
- галофантрин, лумефантрин, мефлохин, хинин, хлорохин (безгектің кейбір түрлерін емдеуге пайдаланылады),
- пентамидин (пневмонияны емдеуге пайдаланылады),
- натрий ауротиомалаты (инъекциялық алтын препараты (ревматоидты полиартритті емдеуге пайдаланылады),
- винкамин вена ішіне енгізу кезінде (егде жастағы пациенттерде, жадыны жоғалтуды қоса, когнитивтік бұзылуларды симптоматикалық емдеу үшін пайдаланылады),
- бепридил, ранолазин (кернеулі стенокардияны емдеу үшін пайдаланылады),
- вориконазол, итраконазол, кетоконазол, флуконазол (зеңге қарсы дәрілер),
- вандетаниб, мышьяк триоксиді, оксалиплатин, такролимус, анагрелид (ісікке қарсы препараттар және иммуномодуляторлар),
- ондансетрон (құсуға қарсы дәрілер),
- алтеплаза (тромболитиктер, тромбқа әсер ету үшін қолданылатын препараттар),
- жүрек ырғағының бұзылуларын емдеу үшін тағайындалған препараттар (мысалы, хинидин, гидрохинидин, прокаинамид, дизопирамид, флекаинид, амиодарон, соталол, дофетилид, ибутилид, бретилий тозилаты, дронедазон),
- цизаприд, дифеманил, домперидон (асқазан-ішек бұзылыстарын емдеу үшін пайдаланылады),
- дигоксин немесе басқа жүрек гликозидтері (жүрек ауруларын емдеу үшін),
- баклофен (жайылған склероз сияқты аурулар кезінде туындайтын бұлшықеттің сіресуін емдеуге арналған),
- инсулин, метформин сияқты қант диабетін емдеуге арналған препараттар немесе глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин),
- кальций, кальций қоспаларын қоса,
- көтермелеуші іш жүргізгіштер (мысалы, сенна),
- қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (мысалы, ибупрофен) немесе салицилаттардың жоғары дозалары (мысалы, ацетилсалицил қышқылы (осы зат ауыруды жеңілдету және температураны төмендету, сондай-ақ тромб түзілуін болдырмау үшін пайдаланылатын көптеген препараттарда болады),
- инъекция түріндегі амфотерицин В (күрделі зең ауруларын емдеуге арналған),
- депрессия, үрей, шизофрения және т.б. сияқты психикалық бұзылуларды емдеуге пайдаланылатын препараттар (мысалы, трициклды антидепрессанттар, циталопрам, эсциталопрам сияқты серотонинді кері қармайтын селективті тежегіштер; психозды емдеуге арналған нейролептиктер (хлорпромазин, циамемазин, левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин, флуфеназин, амисульприд, сульприд, сультоприд, тиаприд, галоперидол, дроперидол, пимозид, сертиндол сияқты),
- тетракозактид (Крон ауруын емдеу үшін),
- триметоприм (инфекцияларды емдеу үшін),

- тамыр тарылтатын препараттар, нитраттарды қоса (қан тамырларының кеңеюін туындататын препараттар),
- вазопрессин (қантсыз диабет еміне арналған препарат),
- терлипрессин (асқазан-ішек жолынан, несеп бөлу және жыныс жүйесі ағзаларынан қан кетуді емдеуге арналған препарат),
- кетансерин, нитроглицерин (вазодилататор),
- пробукол (гиполипидемиялық дәрі),
- теродилин (спазмолитик),
- цилостазол (мезгіл-мезгіл ақсандауды емдеуге арналған препарат),
- артериялық қысымды, шок немесе демікпені емдеу үшін пайдаланылатын препараттар (мысалы, эфедрин, норадреналин немесе адреналин).

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүкті болып қалдым деп ойласаңыз немесе бала көтеруді жоспарлап жүрсеңіз, препаратты қолдануды бастар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Жүктілік

Егер Сіз жүкті болып қалдым деп ойласаңыз (немесе бала көтеруіңіз мүмкін болса), өз емдеуші дәрігеріңізді хабардар етуге тиіссіз. Әдетте, дәрігер Сізге Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдауды жүктілік басталуына дейін немесе Сіз жүкті екеніңізді білгеннен кейін бірден тоқтатуға кеңес береді. Дәрігер Сізге Нолипрел® Би-форте препаратының орнына басқа препаратты қабылдауға кеңес береді. Нолипрел® Би-форте препараты, оны қабылдау сәби денсаулығына салмақты зиян келтіруі мүмкін екендіктен, жүктілік кезінде қарсы көрсетілімді.

Бала емізу

Егер Сіз бала емізіп жүрсеңіз, Сіз Нолипрел® Би-форте қабылдамауға тиіссіз. Сіз бала емізіп жүргеніңіз немесе емізуді жоспарлағаныңыз жөнінде өз емдеуші дәрігеріңізге дереу мәлімдеңіз.

Өз емдеуші дәрігеріңізге шұғыл қаралыңыз.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Нолипрел® Би-форте реакция шапшаңдығына ықпал етпейді, бірақ кейбір пациенттерде артериялық қысымның төмендеп кетуі салдарынан әртүрлі реакциялар, мысалы, бас айналу немесе әлсіздік көрініс беруі мүмкін. Нәтижесінде көлік құралдарын немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіне нұқсан келуі мүмкін.

Нолипрел® Би-форте препаратының құрамында лактоза моногидраты бар

Егер Сізде қанттардың кейбір түрлеріне жақпаушылық болса, осы препаратты қабылдар алдында Өз емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

Нолипрел® Би-форте препаратының құрамында натрий бар

Аталған препарат құрамында бір таблеткасына 1 ммоль мөлшерінен аз (23 мг) натрий бар, яғни, іс жүзінде, құрамында натрий жоқ.

3. Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдау

Нолипрел® Би-форте препаратын үнемі емдеуші дәрігер немесе дәріхана қызметкерінің нұсқауларымен толық сәйкестікте қабылдаңыз. Күмән пайда болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Ұсынылатын доза: тәулігіне бір таблетка.

Қолдану тәсілі

Ішке, дұрысы - таңертең, ас ішу алдында. Таблетканы сумен ішіп, бүтіндей жұту керек.

Қолдану ұзақтығы

Артериялық гипертензияны емдеуге арналған препараттар тұрақты қабылдануы тиіс.

Егер Сіз Нолипрел® Би-форте препаратын керектісінен көбірек қабылдап қойсаңыз

Егер Сіз тым көп таблетка қабылдап қойсаңыз, бұл жөнінде дереу Өз емдеуші дәрігеріңізге мәлімдеңіз немесе жақын маңдағы жедел жәрдем бөлімшесімен байланысыңыз. Артық дозалану жағдайындағы ең көп ықтималды симптом артериялық қысымның төмендеуі болып табылады. Егер Сізде артериялық қысым күрт төмендеп кетсе (жүрек айнумен, құсумен, бұлшықеттің тартылуымен, бас айналумен, ұйқышылдықпен, сананың шатасуымен, бүйрекпен бөлінетін несеп көлемінің өзгеруімен қатар жүретін жай-күй), көлденең қалыппен жатыңыз және аяғыңызды сәл көтеріңіз. Бұл Сіздің жай-күйіңізді жақсартуы мүмкін.

Егер Сіз Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Қабылдаудың жүйелі болуы емдеуді тиімдірек ететіндіктен, препаратты күн сайын қабылдау маңызды. Дегенмен де, егер Сіз Нолипрел® Би-форте препаратының кезекті дозасын қабылдауды ұмытып кетсеңіз, келесі дозаны дағдылы уақытта қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін Нолипрел® Би-форте дәрілік препаратының екі есе дозасын қабылдамаңыз.

Егер Сіз Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз

Жоғары артериялық қысымды емдеу, әдетте, тұрақты жүргізілетіндіктен, Өз емдеуші дәрігеріңізбен алдын ала талқылаусыз Нолипрел® Би-форте дәрілік препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Нолипрел® Би-форте препаратын қолдану жөнінде сұрақтар болса, емдеуші дәрігер немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. Болуы мүмкін жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препарат сияқты, Нолипрел® Би-форте препараты жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, алайда, олардың дамуы бәрінде бірдей емес.

Келесі күрделі жағымсыз реакциялардың біреуі туындаған жағдайда Нолипрел® Би-форте препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз:

– төмен артериялық қысымнан болатын қатты бас айналу немесе естен тану (жиі – 10 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),

- бронх түйілуі (кеуденің қысылу сезімі, ысылдап демалу және еңтігу) (жиі емес – 100 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),
- бет, ерін, ауыз, тіл немесе тамақтың ісінуі, тыныс тарылуы (ангионевроздық ісіну) («Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» 2 бөлімін қараңыз) (жиі емес – 100 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),
- көп пішінді эритеманы (бет, қол немесе аяқта қышығатын қызыл бөліктердің пайда болуынан жиі басталатын тері бөртпесі) немесе терінің қарқынды бөртуін, есекжем, бүкіл дене бойы терісінің қызаруын, қатты қышыну, сулы бөртпелердің пайда болуын, терінің қабыршақтануы мен ісінуін, шырышты қабықтардың қабынуын (Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз) қамтитын терінің ауыр реакциялары немесе басқа аллергиялық реакциялар (өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін).
- жүрек тарапынан бұзылулар (жүрек ырғағының бұзылуы (оның ішінде брадикардия, қарыншалық тахикардия, жүрекшелер фибрилляциясы), ширығу стенокардиясы (дене жүктемесінен болатын кеуденің, жақсүйектің және арқаның ауыруы), миокард инфарктісі (жүрек ұстамасы)) (өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),
- қол немесе аяқ әлсіздігі, инсульт белгісі болуы мүмкін сөйлеу қабілетінің кінәраттары (өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),
- нашар хал-ахуалмен қатар жүретін іштің немесе арқаның салмақты ауыруын туғызуы мүмкін ұйқы безінің қабынуы (панкреатит) (өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),
- гепатит белгісі болуы мүмкін терінің немесе көз ақуыздарының сарғыштануы (сарғаю) (өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін),
- өмірге қатерлі аритмия («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия) (жиілігі белгісіз – қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес),
- бауыр функциясының бұзылуынан болатын ми ауруы (бауыр энцефалопатиясы) (белгісіз – қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес),
- көрудің нашарлауы (көру өрісінің ақауымен хориоидты жалқық, жедел миопия (кенеттен пайда болған немесе күшейіп кеткен алыстан көрмеу), салдарлы жабық бұрышты глаукоманың жедел ұстамасы (көзішілік қысымның қатты көтерілуі)). Бұл көру өткірлігінің кенеттен төмендеуімен немесе көздің ауыруымен көрініс беруі мүмкін (жиілігі белгісіз – қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес),
- бұлшықет әлсіздігі, бұлшықеттердің түйілуі, ауырсынуы немесе ауыруы, әсіресе, бір мезгілде хал-ахуал нашарлауында немесе температураның көтерілуінде, өйткені ондай жай-күй бұлшықеттік тін жасушаларының аномалиялық ыдырауынан болуы мүмкін (рабдомиолиз) (жиілігі белгісіз – қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес).

Туындау жиілігі бойынша кему ретімен жағымсыз реакциялар мыналар болуы мүмкін:

- жиі – 10 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

қандағы төмен калий деңгейі, аллергиялық және демікпелік реакцияларға бейімділігі бар пациенттердегі тері реакциялары, бас ауыру, бас айналу, вертиго, парестезия (аяқ-қолдың шаншуын сезіну), көрудің нашарлауы, құлақтың шыңылдауы (құлақтың шуылын сезіну), жөтел, еңтігу, ас қорыту жүйесі тарапынан бұзылу (жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, дисгевзия (дәм сезу түйсіктерінің бұрмалануы), диспепсия немесе ас қорытудың қиындауы, диарея, іш қату), аллергиялық реакциялар (тері бөртпесі, терінің қышынуы сияқты), бұлшықеттердің түйілуі, астения (шаршауды сезіну);

- жиі емес – 100 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

көңіл-күйдің түсіп кетуі (көңіл-күй құбылуы), депрессия, ұйқының бұзылуы, есекжем, пурпура (терідегі қызыл нүктелі дақтар), пемфигиод (теріде күлбіреуіктердің ошақтана түзілуі), бүйрек жеткіліксіздігі (бүйрек функциясының бұзылуы), эректильді дисфункция (импотенция – эрекцияға жету немесе оны сақтап тұру қабілетсіздігі), қатты терлеп кету (тершендік), эозинофилия (эозинофилдер (лейкоциттер түрі) мөлшерінің көбеюі, зертханалық параметрлер өзгерісі: емді тоқтатудан кейін төмендеп кететін гиперкалиемиа (қандағы жоғары калий деңгейі), сусыздануға және артериялық қысымның төмендеуіне әкелуі мүмкін гипонатриемия (төмен натрий деңгейі), ұйқышылдық, естен тану (сананы жоғалту), жүректің соғуын сезіну (өз жүрегінің дүрсілін сезіну), тахикардия (жүректің жиі соғуы), диабеттен зардап шегетін пациенттердегі гипогликемия (қандағы өте төмен қант деңгейі), васкулит (қан жүретін тамырлар қабынуы), ауыз қуысының шырышты қабығының құрғап кетуі, фотосезімталдық реакциялары (терінің күнге жоғары сезімталдығы), артралгия (буындар ауыруы), миалгия (бұлшықеттердің ауыруы), кеуде қуысының ауыруы, дімкәстану, шеткері ісіну, қызба, қанда мочевиіна мен креатинин концентрациясының жоғарылауы, құлап қалу;

- сирек – 1000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

псориаз өршуі (ағымының нашарлауы), зертханалық параметрлер өзгерістері: қандағы төмен хлор деңгейі, қандағы төмен магний деңгейі, «бауыр» ферменттері белсенділігінің жоғарылауы, гипербилирубинемия (қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы); қатты қалжырау; қан кернеулер (терінің қызаруы), несеп бөлінісінің төмендеуі немесе болмауы, бүйректің жедел жеткіліксіздігі.

Күңгірт несеп, жүрек айну немесе құсу, бұлшықеттердің түйілуі, сананың шатасуы және құрысулар «диурезге қарсы гормонның талапқа сай емес секрециясы синдромы (ДҚГТСС)» деп аталатын жай-күй симптомдары болуы мүмкін;

- өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

сананың шатасуы, эозинофилиялық пневмония (пневмонияның сирек типі), ринит (мұрынның бітелуі немесе тұмаурату), бүйректің жедел жеткіліксіздігі (бүйрек тарапынан ауыр бұзылулар); лейкоциттер мен эритроциттер мөлшерінің азаюы сияқты қан тарапынан бұзылулар: агранулоцитоз, аплазиялық анемия, панцитопения, лейкопения, нейтропения, гемолиздік анемия, гемоглобин және гематокрит төмендеуі, тромбоцитопения (тромбоциттер санының азаюы), гиперкальциемия (қандағы жоғары кальций деңгейі), бауыр функциясының бұзылуы;

– жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес):

Электрокардиограммадағы (ЭКГ) ауытқулар (QT аралығының ұзаруы), зертханалық параметрлер өзгеруі: қандағы несеп қышқылы мен глюкоза мөлшерінің артуы (қандағы жоғары қант деңгейі); миопия (алыстан көрмеу), анық көрмеу, көрудің нашарлауы, жоғары көзішілік қысым салдарынан көрудің нашарлауы немесе көздің ауыруы (көздің тамырлы қабатында сұйықтық жиналуының (хориоидты жалқық) немесе жедел жабық бұрышты глаукоманың болжамды белгілері), Рейно синдромы (тері түсінің өзгеруі, қол саусақтары мен аяқ башпайларының ұйып қалуы және ауыруы). Егер Сізде жүйелі қызыл жегі болса (дәнекер тін ауруының түрі), Сіздің жай-күйіңіз нашарлауы мүмкін.

Қан, бүйрек, бауыр немесе ұйқы безі тарапынан бұзылулар және зертханалық параметрлер өзгерістері (қан талдауларында) туындауы мүмкін. Өз емдеуші дәрігеріңіз Сіздің жай-күйіңізді бақылау үшін қан талдауын өткізуді тағайындауы мүмкін.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар туындаса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Оларға қосымша парақта атап көрсетілмеген кез келген жағымсыз реакциялар да жатады. Сізге дәрілік препараттың жағымсыз реакциялары жөнінде тікелей де мәлімдеуге болады (төменнен қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препарат қауіпсіздігі туралы мәліметтерді көбірек алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет (Росздравнадзор) 109012, Мекенжайы: Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, 1 құр.

Тел.: +7 800) 550-99-03

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Армения Республикасы

«Дәрілер мен медициналық технологиялар орталығы» МКЕҰ

Мекенжайы: 0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5

Тел.: (+ 374 60) 83-00-73, (+ 374 10) 23-08-96, (+ 374 10) 23-16-82

Дәрілер қауіпсіздігін мониторингтеу бөлімінің жедел желісі:

(+ 374 10) 20-05-05, (+ 374 96) 22-05-05

Эл. пошта: info@ampra.am, vigilance@pharm.am

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

«Денсаулық сақтау сараптамалары мен сынақтарының орталығы» УК

Мекенжайы: 220037, Минск қ., Товарищеский тұйық көшесі, 2 а үй

Тел.: + 375 (17) 242-00-29

Факс: + 375 (17) 242-00-29

Эл. пошта: rcpl@rceth.by

<http://www.rceth.by>

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Мекенжайы: 010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 («Нұрсәулет 2» БО)

Тел.: +7 (717) 235-135

Эл. пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Мекенжайы: 720044, Бішкек қ., 3-я линия көш., 25

Тел.: + 996 (312) 21-92-78
Эл. пошта: pharm@dlsmi.kg
<http://dlsmi.kg>

5. Нолипрел® Би-форте препаратын сактау

Препаратты бала оны көре алмайтындай етіп, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Препаратты құтыда және картон қорапшада көрсетілген «...дейін жарамды» жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімінің өткен күні ағымдағы айдың соңғы күні болып табылады.

30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәріз жүйесіне немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Енді керек болмайтын препаратты қалай кәдеге жарату (жою) керектігін дәріхана қызметкерінен нақты анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

Нолипрел® Би-форте препаратының құрамында:

- Эсер етуші заттар – индапамид және периндоприл.

Үлбірлі қабықпен қапталған әр таблетканың құрамында 2,5 мг индапамид және 10 мг периндоприл аргинині бар (6,79 мг периндоприл негізіне сәйкес келеді).

- Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар): лактоза моногидраты, магний стеараты, мальтодекстрин, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, натрий карбоксиметилкрахмалы (А типі), глицерол, гипромеллоза, макрогол 6000, магний стеараты, титанның қостотығы (E171).

Нолипрел® Би-форте препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Препарат дөңгелек, екі беті дөңес, үлбірлі қабықпен қапталған ақ түсті таблеткалар түрінде болады.

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

1 құтыдан қосымша парақпен бірге алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама («СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей өндірісінде):

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

3 құтыдан қосымша парақтардың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Лаборатории Сервье»/Les Laboratoires Servier

50, Карно көш., 92284 Сюрен Седекс, Франция / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

Өндіруші

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ

108828 Ресей, Мәскеу қ., Краснопахорское қонысы, 158 квартал, 2 иелік, 1 құр.

немесе

«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд»/Servier (Ireland) Industries Ltd.

Уиклоу графтығы, Арклоу, Гори роуд, Манилендс, Ирландия/

Moneylands, Gorey Road, Arklow, Co. Wicklow, Ireland

Препарат туралы қосымша ақпарат алу үшін тіркеу куәлігі ұстаушысының жергілікті өкіліне хабарласу керек:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937-07-00

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Армения Республикасы

«Ле Лаборатуар Сервье» компаниясының Армения Респубикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Кентрон, Амирян көш., 15, 100 дүкен

Тел.: +374 (10) 50-50-74

Эл. пошта: pvarmenia@servier.com

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы «Les Laboratoires Servier» (Француз Республикасы) УАҚ өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш., 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306-54-55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г

Тел.: +7 (727) 386-76-62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Қосымша парақ қайта қаралды 07/2025

Басқа да ақпарат көздері

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың <http://eec.eaeunion.org/> веб-сайтында баяндалады.

Қосымша парақ Одақтың барлық тілдерінде Одақ веб-сайтында қолжетімді.

Дата утверждения 06.05.2026

ЛП-№001806-ГП-KZ от 26.03.2025